

Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 Қаулысы

"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Іс-шаралар жоспарының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар бір апта мерзімде органның, облыстың, Астана және Алматы қалаларының Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын (бұдан әрі - Жалпыұлттық жоспар) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

4. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне:

1) ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы;

2) жарты жылдық және жылдық қорытындылары бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Жалпыұлттық жоспар мен Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы;

2) жарты жылдық және жылдық қорытындылары бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Жалпыұлттық жоспар мен Бағдарламаның орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

6 . М ы н а л а р :

1) ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-күні Іс-шаралар жоспарының орындалу мәселелері Қазақстан Республикасының Премьер- Министрі Кеңесінің Басшысында өтетін кеңестерде қаралады;

2) тармақтар бойынша Іс-шаралар жоспарына Бағдарламадан туындайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістерінде жылына екі рет, бірінші және үшінші тоқсандар өткен соң Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ұсынысы бойынша қаралады деп белгіленсін.

7. Премьер-Министр Кеңесінің Басшысына Іс-шаралар жоспарының орындалған тармақтарын бақылаудан алу туралы шешім қабылдау құқығы берілсін.

8. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі А.Е. Мусинге жүктелсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 20 сәуірдегі

№ 319 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.29 N 1390 , 2008.02.02 N 89 , 2008.03.25 N 286 , 2008.05.05 N 419 , 2008.06.20 N 597 , 2008.07.17 N 697 , 2008.09.26 N 890 , 2009.04.27. N 585 , 2009.07.20. N 1101 Қаулыларымен.

Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (

іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р / с N	ЖҰЖ мен Үкімет бағдарламасы бағытының (іс-шаралардың) атауы	Іске асыру шаралары мен кезеңдері, жауапты орындаушы, мерзімдері
1	2	3
1. Мемлекеттік жоспарлау		
1.	<p>Бәсекеге қабілеттілік және экспорт жөніндегі ұлттық кеңес құру (ЖҰЖ-ның 13-тармағы) Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, ИСМ, А Ш М , мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар Аяқтау нысаны - Үкімет қаулысы</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы маусым</p>	<p>1. Үкімет қаулысының жобасын Үкіметке енгізу ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, 2007 жылғы мамыр</p> <p>2. Үкімет қаулысын қабылдау ЭБЖМ, 2007 жылғы маусым</p>
2.	<p>Экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық мүмкіндіктерін сапалық жаңа деңгейге жеткізу стратегиясын қабылдау (ЖҰЖ-ның 14-тармағы) Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар</p> <p>Аяқтау нысаны - Президент Ж ар л ы ғ ы н ы ң жобасы</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы қараша</p>	<p>1. Президент Жарлығының жобасын Үкіметке енгізу ЭБЖМ, ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, 2007 жылғы қыркүйек</p> <p>2. Президент Жарлығының жобасын Президент Әкімшілігіне е н г і з у ЭБЖМ, 2007 жылғы қараша</p>

3.	<p>Мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын тиімді мониторингтеу мақсатында мемлекеттік статистиканы жетілдіру</p> <p>Жауапты орындаушы - СА, ЭБЖМ, ОІГСҰК, мүдделі мемлекеттік органдар</p> <p>Аяқтау нысаны - статистикалық есептілік нысандары, көрсеткіштер жүйесі</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы желтоқсан</p>	<p>1. Статистикалық есептілік нысандарын оларда жалпымемлекеттік және ведомстволық статистика нысандарындағы көрсеткіштер тізбесін оңтайландыру жолымен жетілдіру</p> <p>СА, ЭБЖМ, ӘІОДСҰК, мүдделі мемлекеттік органдар, 2007 жылғы желтоқсан</p> <p>2. Мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламалардың іске асырылуын мониторингтеуді жүзеге асыру үшін көрсеткіштер жүйесін әзірлеу</p> <p>СА, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, 2007 жылғы желтоқсан</p>
4.	<p>Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік басқару жүйесін әзірлеу және енгізу</p> <p>Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкімет қаулысы, Үкіметке ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - жыл сайын, 2008 - 2009 жылдар қаңтар</p>	<p>1. Мемлекеттік басқару жүйесін құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды Әкімшілік реформа жүргізу жөніндегі ВАК-ның қарауына енгізу</p> <p>ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, 2007 жылғы мамыр</p> <p>2. Үкіметке нәтижеге бағдарланған, оның ішінде мемлекеттік органдарда стратегиялық жоспарлауды енгізуді, нәтижеліліктің нысаналы индикаторларын әзірлеуді, нысаналы индикаторларды орындау жөніндегі меморандумдарды қорытындылауды және қоғам үшін ашық есептілік жүйесін құруды көздейтін мемлекеттік басқару жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдама мен іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Үкімет қаулысының жобасын енгізу</p> <p>ЭБЖМ, 2007 жылғы маусым</p> <p>3. Үкімет қаулысын қабылдау</p> <p>ЭБЖМ, 2007 жылғы маусым</p> <p>4. Үкіметке нәтижеге бағдарланған мемлекеттік басқару жүйесін енгізу туралы ақпарат беру</p> <p>ЭБЖМ, жыл сайын, 2008-2009 жылдар қаңтар</p>
5.	<p>Соңғы нәтижеге қол жеткізуге бағдарланған бюджеттеу жүйесін құру мақсатында бюджеттік жоспарлауды жетілдіру</p> <p>Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкімет қаулысы</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы маусым</p>	<p>1. Үкіметке соңғы нәтижеге қол жеткізуге бағдарланған, оның ішінде бюджет қаражатын қалыптастыру және пайдалану кезінде мемлекеттік органдарға үлкен дербестік беруді, нысаналы индикаторлар енгізуді және есептіліктің, ішкі және сырттан бақылаудың жаңа жүйесін құруды көздейтін бюджеттік жоспарлауды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Үкімет қаулысының жобасын енгізу</p> <p>ЭБЖМ, 2007 жылғы маусым</p> <p>2. Үкімет қаулысын қабылдау</p> <p>ЭБЖМ, 2007 жылғы маусым</p>
2. Мемлекеттің экономикалық саясатын жүргізудің		

<p>тиімділігін арттыру</p>		
<p>2.1. Фиксалдық саясат</p>		
<p>6.</p>	<p>Қолданыстағы жеңілдіктер мен преференцияларға талдау жүргізу, олардың экономиканың тиімділігіне әсерін бағалау</p> <p>Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, Қаржымині</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкіметке ұсыныстар</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы тамыз</p>	<p>1. Қолданыстағы жеңілдіктер мен преференцияларға талдау жүргізу, олардың экономиканың тиімділігіне әсерін бағалау және тиісті ұсыныстар әзірлеу</p> <p>ЭБЖМ, Қаржымині, ИСМ, 2007 жылғы маусым</p> <p>2. Үкіметке жүргізілген талдау нәтижелерінің негізінде ұсыныстар енгізу</p> <p>ЭБЖМ, Қаржымині, ИСМ, 2007 жылғы шілде</p>
<p>7.</p>	<p>"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу</p> <p>Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, Қаржымині</p> <p>Аяқтау нысаны - Заң жобасы</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы тамыз</p>	<p>1. Заң жобасын Үкіметке енгізу</p> <p>ЭБЖМ, Қаржымині, 2007 жылғы маусым</p> <p>2. Заң жобасын Парламентке енгізу</p> <p>ЭБЖМ, Қаржымині, 2007 жылғы тамыз</p>
<p>2.2. Инфляцияға қарсы саясат және қаржы секторын дамыту</p>		
<p>8.</p>	<p>Шетелдік қаржы институттарының Қазақстанның қаржы нарығына қол жеткізу жағдайын қамтамасыз ету үшін заңнамалық және институционалдық базаны жетілдіру (ЖҰЖ-ның 46-тармағы)</p> <p>Жауапты орындаушы - ҚНРА, ҰБ, Қаржымині, ЭБЖМ, ИСМ, ҚҚҚ (келісім бойынша), АӨҚОҚРА</p> <p>Аяқтау нысаны - Президент Әкімшілігі мен Үкіметке ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы желтоқсан</p>	<p>1. Қаржыминінің 2007 жылғы 3 ақпандағы N 32 бұйрығымен құрылған қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері жөніндегі жұмыс тобы жұмысының нәтижелерін ескере отырып, Үкіметке шетелдік қаржы институттарының Қазақстанның қаржы нарығына қол жеткізу жағдайын қамтамасыз ету үшін заңнамалық және институционалдық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу</p> <p>ҚНРА, ҰБ, Қаржымині, ЭБЖМ, ИСМ, АӨҚОҚРА, ҚҚҚ (келісім бойынша), 2007 жылғы қазан</p> <p>2. Үкіметке және Президент Әкімшілігіне ақпарат енгізу</p> <p>ҚНРА, 2007 жылғы желтоқсан</p>
	<p>Ірі инвестициялық жобаларды ұлттық және өңірлік деңгейде іске асыруға қаржы институттарын</p>	<p>1. Үкіметке серпінді жобаларды отандық қаржы институттарының қоса қаржыландыруы жөніндегі шаралар кешенін көздейтін Үкімет қаулысының жобасын енгізу</p>

9.	<p>тарту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу (ЖҰЖ-ның 47-тармағы) Жауапты орындаушы - ИСМ, ЭБЖМ, Қаржымині, ЭМРМ, ККМ, АШМ, ҚНРА</p> <p>"Қазына" ОДҚ" АҚ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ</p> <p>Аяқтау нысаны - Президент Әкімшілігіне ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы желтоқсан</p>	<p>ИСМ, ЭБЖМ, Қаржымині, ЭМРМ, ККМ, АШМ, ҚНРА, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, 2007 жылғы қазан</p> <p>2. Үкімет қаулысын қабылдау ИСМ, ЭБЖМ, Қаржымині, ЭМРМ, ККМ, АШМ, ҚНРА, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, 2007 жылғы қараша</p> <p>3. Үкіметке және Президент Әкімшілігіне ақпарат енгізу ИСМ, 2007 жылғы желтоқсан</p>
10.	<p>Электронды сауда және электронды банк қызметтері саласын кеңейту жөнінде құқықтық жағдай жасау (ЖҰЖ-ның 48-тармағы) Жауапты орындаушы - ИСМ, ҰБ, АБА, ҚНРА, ҚҚҚ (келісім бойынша) Аяқтау нысаны - нормативтік құқықтық актілер Орындау мерзімі - 2007 жылғы желтоқсан</p>	<p>1. Электронды сауда саласын дамыту үшін құқықтық жағдайды реттеу және жасау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлеу және қабылдау ИСМ, ҰБ, АБА, ҚНРА, ҚҚҚ (келісім бойынша), 2007 жылғы қазан</p> <p>2. Электронды банк қызметтері саласын дамыту үшін құқықтық жағдайды реттеу және жасау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлеу және қабылдау ҚНРА, ҰБ, ҚҚҚ (келісім бойынша), АБА, ИСМ, 2007 жылғы қараша</p> <p>3. Үкіметке және Президент Әкімшілігіне ақпарат енгізу ИСМ, ҚНРА, 2007 жылғы желтоқсан</p>
11.	<p>Қор нарығын дамыту және қор нарығындағы халықтың инвестициялық белсенділігін, оның ішінде халықтың инвестициялық сауаттылығын арттыру жолымен арттыру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру (ЖҰЖ-ның 49-тармағы)</p>	<p>1. Үкіметке қор нарығын дамыту және қор нарығындағы халықтың инвестициялық белсенділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Үкімет қаулысының жобасын енгізу Қаржымині, ЭБЖМ, БҒМ, МАМ, ҚНРА, ҰБ, АӨҚОҚРА, 2007 жылғы мамыр</p> <p>2. Қор нарығын дамыту және қор нарығындағы халықтың инвестициялық белсенділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Үкімет қаулысын қабылдау Қаржымині, ЭБЖМ, БҒМ, МАМ, ҚНРА, ҰБ, АӨҚОҚРА, 2007 жылғы маусым</p> <p>3. Үкіметке Инвестициялық мәдениетті және қаржылық сауаттылықты арттырудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы Үкімет қаулысының жобасын енгізу</p>

	<p>Жауапты орындаушы - Қаржымині, ЭБЖМ, БҒМ, МАМ, ҚНРА, ҰБ, АӨҚОҚРА</p> <p>Аяқтау нысаны - Президент Әкімшілігіне ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - жыл сайын, желтоқсан</p>	<p>Қаржымині, ЭБЖМ, БҒМ, МАМ, ҚНРА, ҰБ, АӨҚОҚРА, 2007 жылғы мамыр</p> <p>4. Инвестициялық мәдениетті және қаржылық сауаттылықты арттырудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы Үкімет қаулысын қабылдау</p> <p>Қаржымині, ЭБЖМ, БҒМ, МАМ, ҚНРА, ҰБ, АӨҚОҚРА, 2007 жылғы маусым</p> <p>5. Үкіметке және Президент Әкімшілігіне ақпарат енгізу</p> <p>Қаржымині, жыл сайын, 2007-2009 жылдар желтоқсан</p>
12.	<p>Қазақстан Республикасында инфляцияның болжанатын деңгейін ұстап тұру (ЖҰЖ-ның 50-тармағы)</p> <p>Жауапты орындаушы - ҰБ, ЭБЖМ, Қаржымині, ТМРА, ИСМ, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдері</p> <p>Аяқтау нысаны - Президентке баяндау және Үкіметке ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - тоқсан сайын, 2007 - 2008 жылдар</p>	<p>1. Үкімет пен Ұлттық Банкінің тиісті жылға арналған экономикалық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары мен экономикалық көрсеткіштердің болжамы туралы бірлескен мәлімдемесін қабылдау</p> <p>ЭБЖМ, ҰБ, жыл сайын, 2007-2008 жылдар қаңтар</p> <p>2. Инфляцияның болжанатын деңгейін ұстап тұру жөніндегі жұмыс туралы Президентке баяндау және Үкіметке ақпарат</p> <p>ҰБ, Қаржымині, ИСМ, ЭМРМ, ЭБЖМ, АШМ, ТМРА, СА, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдері, тоқсан сайын, 2007-2008 жылдар</p>
13.	<p>Қаржы секторының тұрақтылығын нығайту және оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету</p> <p>Жауапты орындаушы - ҰБ, ҚНРА, Қаржымині, ЭБЖМ</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкіметке ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - 2008-2009 жылдар қаңтар, 2007-2009 жылдар шілде</p>	<p>1. Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы есепті дайындау</p> <p>ҰБ, ҚНРА, Қаржымині, ЭБЖМ, жыл сайын, желтоқсан</p> <p>2. Ұлттық Банк, Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі мен Үкімет арасындағы Қаржылық тұрақтылық мәселелері жөніндегі меморандумның қорытындысы</p> <p>ҰБ, ҚНРА, Қаржымині, ЭБЖМ, 2007 жылғы тамыз</p> <p>3. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес шаралар қабылдау</p> <p>ҰБ, мүдделі мемлекеттік органдар, жыл сайын, жарты жылдың қорытындылары бойынша 30 қаңтарға және 30 шілдеге</p> <p>4. Қаржы секторын ақша-кредит және пруденциалдық реттеу тұрғысынан сырттан қарыз алуды шектеу бойынша</p>

		<p>колданылатын шаралардың тиімділігін т а л д а у</p> <p>ҰБ, ҚНРА, жыл сайын, мамыр</p> <p>5. Үкіметке ақпарат енгізу ҰБ, ҚНРА, Қаржымині, ЭБЖМ, жыл сайын, 2008-2009 жылдар қаңтар, 2007-2009 жылдар шілде</p>
<p>4.2.3. Бәсекелестікті дамыту, бәсекелі ортаны қорғау және табиғи монополиялардың қызметін тиімді реттеу</p>		
<p>14.</p>	<p>Бәсекені шектеу мен нарыққа қ а т ы с у ш ы л а р арасындағы ымыраласу фактілерін анықтаудың, экономиканың негізгі салаларын "жасырын" монополияландыруды болдырмаудың айқын тетіктерін жасау мақсатында "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсеке және монополистік қызметті шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар е н г і з у т у - р а л ы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау (ЖҰЖ-ның 15-тармағы) Жауапты орындаушы - ИСМ, "Атамекен" К Ж Ж О (келісім бойынша) Аяқтау нысаны - Заң</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы желтоқсан</p>	<p>1. Үкіметке "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсеке және монополистік қызметті шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң ж о б а с ы н е н г і з у</p> <p>ИСМ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), 2007 жылғы тамыз</p> <p>2. Заң жобасын Парламентке енгізу ИСМ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), 2007 жылғы қазан</p> <p>3. Заңды Парламенттің қабылдауы және Президентке қол қ о ю ғ а ж і б е р у</p> <p>ИСМ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), 2007 жылғы желтоқсан</p>
<p>15.</p>	<p>Экономиканың тиісті салаларындағы бәсекелі қатынастарды қайта құрылымдау мен дамыту арқылы табиғи монополиялар аясын барынша қысқарту (ЖҰЖ-ның 17-тармағы) Жауапты орындаушы - ТМРА, ИСМ</p>	<p>1. Табиғи монополиялар салаларына оларда бәсекелі қатынастарды дамыту мүмкіндігі мен орындылығы тұрғысына талдау жүргізу ИСМ, ЭБЖМ, ТМРА, ККМ, ЭМРМ, АБА, АШМ, 2007 жылғы шілде</p> <p>2. Үкіметке "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 наурыздағы N 155 қаулысына</p>

	<p>Аяқтау нысаны - нормативтік құқықтық актілер</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы қыркүйек</p>	<p>өзгерістер енгізу туралы" Үкімет қаулысының жобасын енгізу</p> <p>ТМРА, ККМ, ЭМРМ, АБА, АШМ, 2007 жылғы тамыз</p> <p>3. Үкімет қаулысының жобасын қабылдау</p> <p>ТМРА, 2007 жылғы қыркүйек</p>
16.	<p>Қажетті заңнамалық база қалыптастыру мақсатында тәуелсіз салалық рет-теуіштер жасау тұжырымдамасын әзірлеу (ЖҰЖ-ның 18-тармағы)</p> <p>Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, ИСМ, ТМРА, ККМ, ЭМРМ, АШМ, АБА, Еңбекмині</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкімет қаулысы</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы қазан</p>	<p>1. Үкіметке "Тәуелсіз салалық рет-теуіштер жасау жөніндегі тұжырымдаманы мақұлдау және іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Үкімет қаулысының жобасын енгізу</p> <p>ЭБЖМ, ИСМ, ТМРА, ККМ, ЭМРМ, АБА, АШМ, Еңбекмині, 2007 жылғы қыркүйек</p> <p>2. Үкімет қаулысын қабылдау</p> <p>ЭБЖМ, 2007 жылғы қазан</p>
17.	<p>Салалық тәуелсіз рет-теуіштердің қызметі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарын қабылдау (ЖҰЖ-ның 19-тармағы)</p> <p>Жауапты орындаушы - ИСМ, ТМРА, ЭБЖМ, ЭМРМ, АШМ, АБА, ККМ</p> <p>Аяқтау нысаны - заңдар</p> <p>Орындау мерзімі - 2008 жылғы шілде</p>	<p>1. Заң жобаларын Үкіметке енгізу</p> <p>ИСМ, ТМРА, ЭБЖМ, ЭМРМ, АШМ, АБА, ККМ, 2008 жылғы сәуір</p> <p>2. Заң жобаларын Парламентке енгізу</p> <p>ИСМ, ТМРА, ЭБЖМ, ЭМРМ, АШМ, АБА, ККМ, 2009 жылғы маусым</p> <p>3. Заңдарды Парламенттің қабылдауы және Президентке қоюға жіберу</p> <p>ИСМ, ТМРА, ЭБЖМ, ЭМРМ, АШМ, АБА, ККМ, 2008 жылғы шілде</p>
18.	<p>Биржалық сауданы дамыту</p> <p>Жауапты орындаушы - ИСМ, ЭМРМ, ККМ, АШМ, АБА, ЭБЖМ, Әділетмині, ҰБ, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдері</p> <p>Аяқтау нысаны - Заң жобасы</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы қазан</p>	<p>1. Үкіметке жаңа редакциядағы "Тауар биржалары туралы" заң жобасын енгізу</p> <p>ИСМ, ЭМРМ, ККМ, АШМ, АБА, ЭБЖМ, Әділетмині, ҰБ, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдері, 2007 жылғы тамыз</p> <p>2. Заң жобасын Парламентке енгізу</p> <p>ИСМ, ЭМРМ, ККМ, АШМ, АБА, ЭБЖМ, Әділетмині, ҰБ, 2007 жылғы қазан</p>
		<p>1. Экономиканың инфрақұрылымдық салаларында, оның ішінде темір жол саласында, телекоммуникация мен энергетикада экономикалық шоғырландырудың жағымсыз салдарына талдау жүргізу</p> <p>ИСМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, ККМ, ЭМРМ, АБА, 2007 жылғы қазан</p> <p>2. Үкіметке желілік (инфрақұрылымдық) табиғи монополиялар мен олар-</p>

19.

Экономиканың инфрақұрылымдық салаларында, оның ішінде темір жол саласында, телекоммуникация мен энергетикада монополияландыруды және жағымсыз экономикалық шоғырландыруды жою, осы салалардағы бәсекелестікті дамыту

Жауапты орындаушы - ИСМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, ТМРА, ККМ, ЭМРМ, АБА, ЭБЖМ, Әділетмині

Аяқтау нысаны - Үкіметке ақпарат

Орындау мерзімі - жыл сайын, 2007 - 2008 жылдар желтоқсан

дың қызметтерін пайдаланатын, мемхолдингтің бірыңғай құрылымындағы компаниялар арасындағы аффилиирленуді компанияларды қайта құрылымдау жөніндегі шаралар кешенін қоса алғанда, осы компанияларды қор нарығында жеке инвесторларға сату жолымен жою жөнінде ұсыныстар енгізу
ИСМ, ЭБЖМ, ТМРА, ККМ, ЭМРМ, АБА, "Самұрық" холдингі" АҚ, 2007 жылғы қараша

3. Тиісті нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жолымен Үкіметке осы саладағы бәсекелестікті дамыту жөнінде ұсыныстар енгізі отырып, жаңа компаниялардың кіруі үшін кедергілердің болуы және тұтынушылар үшін түпкілікті тарифтерге әсері тұрғысынан электроэнергетикада аффилиирлену салдарына талдау жүргізу

ИСМ, ЭМРМ, 2007 жылғы шілде

4. Үкіметке бәсекенің дамуына жағымсыз әсер ететін делдалдық құрылымдарды шығарып тастауды көздейтін "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасын енгізу

ЭМРМ, 2008 жылғы наурыз

5. Заң жобасын Парламентке енгізу
ЭМРМ, 2008 жылғы шілде

6. Үкіметке "Электрэнергетика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына тауар нарығында бір өзара алмасатын географиялық шекаралар шеңберінде жұмыс істейтін генерациялаушы беруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдар арасында аффилиирленуді жою, тұлғалардың бір тобына кіруге тыйым салуды белгілеу, сондай-ақ артық делдалдық құрылымдарды жою бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасын енгізу

ЭМРМ, 2008 жылғы наурыз

7. Заң жобасын Парламентке енгізу
ЭМРМ, 2008 жылғы шілде

8. Үкіметке ақпарат енгізу
ЭМРМ, жыл сайын, 2007-2008 жылдар желтоқсан

20.	<p>Нарыққа, оның ішінде республикаішілік әу е т а - сымалдары нарығына жаңа компаниялардың кіруіне бөгет жасайтын кедергілерді жою</p> <p>Жауапты орындаушы - ИСМ, ЭМРМ, К К М , А Б А</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкімет қаулысы</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы қазан</p>	<p>1. Нарыққа жаңа компаниялардың кіруі үшін кедергілердің пайда болуына ықпал ететін және бәсеке-нің дамуына бөгет жасайтын себептерге талдау жүргізу</p> <p>ИСМ, ЭМРМ, ККМ, АБА, 2007 жылғы тамыз</p> <p>2. Үкіметке нарыққа жаңа компаниялардың кіруі үшін және бәсекенің дамуына бөгет жасайтын кедергілерді жою жөніндегі нақты іс-шараларды айқындау бөлігінде "Қазақстан Республикасында бәсекелестікті дамыту мен қорғаудың 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1308 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Үкімет қаулысының жобасын е н г і з у</p> <p>ИСМ, ЭМРМ, ККМ, АБА, 2007 жылғы қыркүйек</p> <p>3. Үкімет қаулысын қабылдау</p> <p>ИСМ, ЭМРМ, ККМ, АБА, 2007 жылғы қазан</p> <p>4. Үкіметке ақпарат енгізу</p> <p>ИСМ, ЭМРМ, ККМ, АБА, 2007 жылғы қазан</p>
21.	<p>Монополияға қарсы институционалдық күшейту</p> <p>Жауапты орындаушы - И С М , Э Б Ж М</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкіметке ұсыныстар</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы мамыр</p>	<p>1. Әкімшілік реформаны жүргізу жөніндегі ВАҚ-ға монополияға қарсы органның мәртебесі мен өкілеттіктерін күшейту, сондай-ақ штат санын ұлғайту жөнінде ұсыныстар енгізу</p> <p>ИСМ, ЭБЖМ, 2007 жылғы мамыр</p> <p>2. Үкіметке монополияға қарсы органның мәртебесі мен ө к і л е т т і к - терін күшейту, сондай-ақ штат санын ұлғайту жөнінде ұсыныстар енгізу</p> <p>ИСМ, 2007 жылғы мамыр</p>
22.	<p>Инвестицияларды табиғи монополиялар субъектілерінің активтерін жаңғыртуға және жаңартуға, олар көрсететін қызметтердің тиімділігі мен сапасын арттыруға б а ғ - ыттауды ынталандыратын олардың қызметін реттеудің тиімді теңгерімді жүйесін жасау</p> <p>Жауапты орындаушы - ТМРА, ЭМРМ, ККМ, АБА, АШМ, Еңбекмині</p>	<p>1. Үкіметке темір жол саласында үш жылдық кезеңге арналған тариф түзудің теңгерімді жүйесі жөнінде ұ с ы н ы с т а р е н г і з у</p> <p>ТМРА, ЭБЖМ, ККМ, ИСМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "ҚТЖ" АҚ, 2007 жылғы сәуір</p> <p>2. Үкіметке "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасын енгізу</p> <p>ТМРА, ЭМРМ, ККМ, АБА, АШМ,</p>

	<p>Аяқтау нысаны - Заң ж о б а с ы</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы қыркүйек</p>	<p>Еңбекмині, 2007 жылғы шілде</p> <p>3. Заң жобасын Парламентке енгізу ТМРА, ЭМРМ, ККМ, АБА, АШМ, Еңбекмині, 2007 жылғы қыркүйек</p>
23.	<p>Табиғи монополия субъектілері шикізатының, материалдарының, отынының, энергиясының және персоналы санының шығыстарын нормалау жөніндегі әдістемені жетілдіру</p> <p>Жауапты орындаушы - ТМРА, ККМ, ЭМРМ, АБА, АШМ, Еңбекмині</p> <p>Аяқтау нысаны - нормативтік құқықтық а к т</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы қазан</p>	<p>1. Табиғи монополия субъектілері шикізатының, материалдарының, отынының, энергиясының және персоналы санының шығыстарын нормалауды регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге тексеру жүргізу ТМРА, ЭМРМ, ККМ, АШМ, Еңбекмині, АБА, 2007 жылғы т а м ы з</p> <p>2. Табиғи монополия субъектілері персоналының санын, шикізатының, материалдарының, отынының, энергиясының шығыстарын нормалау жөнінде жаңа әдістемелер әзірлеу және қолданыстағыларын қайта қарау кестесін б е к і т у ТМРА, Еңбекмині, ККМ, ЭМРМ, АБА, АШМ, 2007 жылғы қазан</p>
24.	<p>Табиғи монополиялар салаларында тарифтік саясатты жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу</p> <p>Жауапты орындаушы - ТМРА, ЭМРМ, ККМ, АБА, Еңбекмині, АШМ</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкімет қаулысы</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы желтоқсан</p>	<p>1. Үкімет қаулысының жобасын Үкіметке е н г і з у ТМРА, ЭМРМ, ККМ, АБА, Еңбекмині, АШМ, 2007 жылғы қ а р а ш а</p> <p>2. Үкімет қаулысын қабылдау ТМРА, 2007 жылғы желтоқсан</p>
2.4. Бизнестік ортаны дамыту және кәсіпкерлікті қолдау		
25.	<p>Мемхолдингтер тарапынан экономиканы әртарапандыру үдерісінде шағын және орта б и з н е с - ті ынталандыру және қолдау жөнінде шаралар қабылдау (ЖҰЖ-ның 26-тармағы)</p> <p>Жауапты орындаушы - ИСМ, АШМ, ЭБЖМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша),</p>	<p>1. Үкіметке мемлекеттік холдингтердің шағын және орта бизнеспен ынтымақтастығының бағыттары мен тетігі жөнінде ұсыныстар е н г і з у ИСМ, ЭБЖМ, АШМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ АҚ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), 2007 жылғы тамыз</p> <p>2. Үкіметке және Президент Әкімші-</p>

	<p>әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар</p> <p>Аяқтау нысаны - Президент Әкімшілігіне ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы қараша</p>	<p>лігіне ақпарат енгізу</p> <p>ИСМ, ЭБЖМ, АШМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), 2007 жылғы қараша</p>
26.	<p>"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау (ЖҰЖ-ның 84-тармағы)</p> <p>Жауапты орындаушы - ИСМ, Еңбекмині, ДСМ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша)</p> <p>Аяқтау нысаны - Заң</p> <p>Орындау мерзімі - 2008 жылғы желтоқсан</p>	<p>1. Үкіметке "бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі" ұғымын енгізу бөлігінде "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасын енгізу</p> <p>ИСМ, Еңбекмині, Қоршаған-ортамині, ДСМ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), 2008 жылғы маусым</p> <p>2. Заң жобасын Парламентке енгізу</p> <p>ИСМ, Еңбекмині, Қоршаған-ортамині, ДСМ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), 2008 жылғы қазан</p> <p>3. Заңды Парламенттің қабылдауы және Президентке қол қоюға жіберу</p> <p>ИСМ, Еңбекмині, Қоршаған-ортамині, ДСМ, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), 2008 жылғы желтоқсан</p>
27.	<p>Кәсіпкерліктің дамуын және бизнестің "көлеңкеден" шығуын ынталандыру мақсатында салық заңнамасын жетілдіру (ЖҰЖ-ның 85-тармағы)</p> <p>Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, ИСМ, Қаржымині, АШМ, ЭСЖҚА, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша)</p> <p>Аяқтау нысаны - Президент Әкімшілігіне ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - жыл сайын, желтоқсан</p>	<p>1. Кәсіпкерліктің дамуын және бизнестің "көлеңкеден" шығуын ынталандыру мақсатында салық заңнамасын жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау</p> <p>ЭБЖМ, ИСМ, Қаржымині, АШМ, ЭСЖҚА, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), жыл сайын, жыл бойы</p> <p>2. Үкіметке және Президент Әкімшілігіне ақпарат енгізу</p> <p>ЭБЖМ, ИСМ, Қаржымині, АШМ, ЭСЖҚА, "Атамекен" КЖЖО (келісім бойынша), жыл сайын, желтоқсан</p>
	<p>Жаңа кәсіпорындар мен компаниялар құру үдерісін жетілдіру мақсатында "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және</p>	

28.	<p>филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау (ЖҰЖ-ның 86-тармағы)</p> <p>Жауапты орындаушы - Әділетмині, Қаржымині, СА, ИСМ</p> <p>Аяқтау нысаны - Заң</p> <p>Орындау мерзімі - 2008 жылғы сәуір</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Заң жобасын Үкіметке енгізу Әділетмині, Қаржымині, СА, ИСМ, 2007 жылғы қараша 2. Заң жобасын Парламентке енгізу Әділетмині, Қаржымині, СА, ИСМ, 2008 жылғы қаңтар 3. Заңды Парламенттің қабылдауы және Президентке қол қоюға жіберу Әділетмині, Қаржымині, СА, ИСМ, 2008 жылғы сәуір
29.	<p>Кәсіпкерлікке төрешілдік жүктемені азайту және статистикалық ақпараттың сапасын жетілдіру</p> <p>Жауапты орындаушы - СА, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкіметке ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - жыл сайын, 2007-2009 жылдар желтоқсан</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Әкімшілік есеп деректерін оларды статистикалық мақсаттарда пайдалану мүмкіндігі мәніне талдау СА, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, 2007 жылғы қазан 2. Статистикалық деректердің немесе әкімшілік есеп деректерінің ұсынылуына қарамастан, бір ведомствоға ғана бірдей көрсеткіштер бойынша деректер берудің бірыңғай саясатын әзірлеу СА, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, 2008 жылғы желтоқсан 3. Жіктеулер және әдістемелік негіздер бойынша әкімшілік есеп деректеріне қойылатын бірыңғай талаптарды енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу СА, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, 2008 жылғы желтоқсан 4. Үкіметке "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік есеп мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасын енгізу СА, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, 2009 жылғы ақпан 5. Заң жобасын Парламентке енгізу СА, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, 2009 жылғы сәуір 6. Қазақстан Республикасында статистикалық мақсатта әкімшілік есеп деректерін пайдалануды енгізу СА, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, 2009 жыл ішінде 7. Үкіметке ақпарат енгізу

		СА, жыл сайын, 2007-2009 жылдар желтоқсан
30.	<p>"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-ның өкілдік желісін кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру</p> <p>Жауапты орындаушы - ИСМ, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдері, "Қазына" ОДҚ" АҚ</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкіметке ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - жыл сайын, 2007-2009 жылдар шілде</p>	<p>1. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-ның жаңа өкілдіктерін ашу ИСМ, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдері, "Қазына" ОДҚ" АҚ, 2007 - 2009 жылдар ішінде</p> <p>2. Үкіметке ақпарат енгізу ИСМ, жыл сайын, 2007-2009 жылдар шілде</p>
31.	<p>"Микрокредиттік ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында жұмыс істеп тұрған және жаңадан құрылатын МКҰ қаржыландыру жолымен микрокредиттік ұйымдар желісін кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру</p> <p>Жауапты орындаушы - ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" холдингі" АҚ, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ, "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" АҚ</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкіметке ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - жыл сайын, 2007-2009 жылдар желтоқсан</p>	<p>Үкіметке жұмыс істеп тұрған және жаңадан құрылатын микрокредиттік ұйымдарды қаржыландыру туралы ақпарат енгізу ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" холдингі" АҚ, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ, "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" АҚ, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдері, жыл сайын, 2007-2009 жылдар желтоқсан</p>
32.	<p>"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ - ның шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырудың жаңа "өнімдерін" әзірлеу</p> <p>Жауапты орындаушы - ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкіметке ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - жыл сайын, желтоқсан</p>	<p>Үкіметке шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырудың схемалары мен нысандарын жетілдіру туралы ақпарат енгізу ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдері, 2007-2009 жылдар желтоқсан</p>

33.	<p>Лицензиялау, рұқсат беру, сертификаттау, стандарттау, келісу, аккредиттеу және басқалары сияқты рұқсат беру рәсімдерінің қайталануы мен қысқаруын жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында мемлекеттік рұқсат беру жүйесіне талдау жүргізу</p> <p>Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, мемлекеттік органдар - лицензиарлар</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкіметке ұсыныстар</p> <p>Орындау мерзімі - 2008 жылғы шілде</p>	<p>Үкіметке рұқсат беру рәсімдерінің қайталануы мен қысқаруын жою жөнінде ұсыныстар енгізу</p> <p>ЭБЖМ, мемлекеттік органдар - лицензиарлар, 2008 жылғы шілде</p>
34.	<p>Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің е р е - ж е с і н б е к і т у</p> <p>Жауапты орындаушы - И С М</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкімет қаулысы</p> <p>Орындау мерзімі - 2006 жылғы желтоқсан</p>	<p>1. Үкімет қаулысының жобасын Үкіметке енгізу</p> <p>ИСМ, 2008 жылғы қараша</p> <p>2. Үкімет қаулысын қабылдау</p> <p>ИСМ, 2008 жылғы желтоқсан</p>
35.	<p>"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Р е с - публикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасын қабылдау</p> <p>Жауапты орындаушы - Қаржымині</p> <p>Аяқтау нысаны - Заң жобасы</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы қыркүйек</p>	<p>1. Заң жобасын Үкіметке енгізу</p> <p>Қаржымині, 2007 жылғы шілде</p> <p>2. Заң жобасын Парламентке енгізу</p> <p>Қаржымині, 2007 жылғы қыркүйек</p>
2.5. Мемлекеттік меншікті тиімді басқару		
36.	<p>Рентабелді емес мемлекеттік кәсіпорындарды тәуелсіз басқарушылар институтын енгізу жолымен оңалту тетіктерін қалыптастыру (ЖҰЖ-ның 20-тармағы)</p> <p>Жауапты орындаушы - Қаржымині, ЭБЖМ</p> <p>Аяқтау нысаны -</p>	<p>1. Рентабелді емес мемлекеттік кәсіпорындарды тәуелсіз басқарушылар институтын енгізу жолымен оңалту тетіктерін әзірлеу</p> <p>Қаржымині, ЭБЖМ, 2007 жылғы қ а з а н</p> <p>2. Үкімет қаулысының жобасын Үкіметке енгізу</p> <p>Қаржымині, ЭБЖМ, 207 жылғы</p>

	<p>Үкімет қаулысы</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы желтоқсан</p>	<p>қ а р а ш а</p> <p>3. Үкімет қаулысын қабылдау Қаржымині, ЭБЖМ, 2007 жылғы желтоқсан</p>
37.	<p>"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау (ЖҰЖ-ның 21-тармағы)</p> <p>Жауапты орындаушы - Қаржымині</p> <p>Аяқтау нысаны - Заң</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы желтоқсан</p>	<p>1. Заң жобасын Үкіметке енгізу Қаржымині, 2007 жылғы шілде</p> <p>2. Заң жобасын Парламентке енгізу Қаржымині, 2007 жылғы қыркүйек</p> <p>3. Заңды Парламенттің қабылдауы және Президентке қол қоюға жіберу Қаржымині, 2007 жылғы желтоқсан</p>
38.	<p>Мемхолдингтердің даму тұжырымдамасын, стратегиясын және құрылымын әзірлеу (ЖҰЖ-ның 27-тармағы)</p> <p>Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, ИСМ, А Ш М , "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ</p> <p>Аяқтау нысаны - Президенттің қарауына енгізу</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы тамыз</p>	<p>1. Үкіметке даму институттарын сыртқы нарыққа шығару жөнінде ұсын-ы с т а р е н г і з у ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, 2007 жылғы мамыр</p> <p>2. Үкіметке мемхолдингтердің даму тұжырымдамасының, стратегиясының және құрылымының жобасын енгізу ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, 2007 жылғы ш і л д е</p> <p>3. Президенттің қарауына енгізу ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, 2007 жылғы тамыз</p>
		<p>1. ЭБЖМ-нің бұйрығымен мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар үшін корпоративтік басқарудың үлгі кодексін б е к і т у ЭБЖМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" холдингі" АҚ, 2007 жы л ғы м а м ы р</p> <p>2. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың корпоративтік басқару кодексін және тәуелсіз директорлар институтын енгізу мониторингін ж ү р г і з у ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Астана, Алматы қала-</p>

39.	<p>Мемлекеттік холдингтерге корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу және олардың қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету (ЖҰЖ-ның 28-тармағы)</p> <p>Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, Қаржымині, "Самұрық" холдингі " АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" холдингі" АҚ</p> <p>Аяқтау нысаны - Президент Әкімшілігіне ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - жыл сайын, желтоқсан</p>	<p>ларының және облыстардың әкімдері, жыл сайын, желтоқсан</p> <p>3. Үкіметке мемхолдингтер қызметінің нәтижелерін бағалау үшін өлшемдер әзірлеуді қоса алғанда, олардың қызметін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау туралы Үкімет қаулысының жобасын енгізу ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, Қаржымині, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" холдингі" АҚ, 2007 жылғы қыркүйек</p> <p>4. Мемхолдингтер қызметінің нәтижелерін бағалау үшін өлшемдер әзірлеуді қоса алғанда, олардың қызметін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау туралы Үкімет қаулысын қабылдау туралы ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" холдингі" АҚ, 2007 жылғы қазан</p> <p>5. Үкіметке және Президент Әкімшілігіне ақпарат енгізу ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, Қаржымині, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" холдингі" АҚ, жыл сайын, желтоқсан</p>
40.	<p>Венчурлік қаржыландыру жүйесін дамыту (ЖҰЖ-ның 29-тармағы)</p> <p>Жауапты орындаушы - ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ</p> <p>Аяқтау нысаны - Президент Әкімшілігіне ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - 2008 жылғы 1-тоқсан</p>	<p>1. Қазақстандық венчурлік инвестициялау қауымдастығын құру ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, 2007 жылғы маусым</p> <p>2. Үкіметке венчурлік қаржыландыруды дамытудың негізгі бағыттарын анықтау жөнінде, оның ішінде шетелдік венчурлік қорлармен өзара іс-қимылды құқықтық сүйемелдеу мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізу ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, 2007 жылғы қараша</p> <p>3. Үкіметке және Президент Әкімшілігіне ақпарат енгізу ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, 2008 жылғы наурыз</p>
		<p>1. Үкіметке қорлар қорын құру және олардың жұмыс істеуі және Қазақ-қытай инвестициялық қорының мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу</p>

41.	<p>Қорлар қорын, оның ішінде шетелдік қаржы институттарының қатысуымен құру (ЖҰЖ-ның 30-тармағы) Жауапты орындаушы - ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ</p> <p>Аяқтау нысаны - Президент Әкімшілігіне ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы желтоқсан</p>	<p>ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, мүдделі мемлекеттік органдар, 2007 жылғы сәуір</p> <p>2. Қорлар қорын, оның ішінде шет елдердің қаржы институттарының қатысуымен құру ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, 2007 жылғы мамыр</p> <p>3. Қазақ-қытай инвестициялық қорын құру ИСМ, СІМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, 2007 жылғы маусым</p> <p>4. Үкіметке және Президент Әкімшілігіне ақпарат енгізу ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, мүдделі мемлекеттік органдар, 2007 жылғы желтоқсан</p>
42.	<p>Мемхолдингтердің кадр саясатын түзету Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкіметке ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы желтоқсан</p>	<p>1. Персоналды (қызметкерлерді) конкурстық рәсімдердің негізінде іріктеуді көздейтін мемхолдингтердің кадр саясатын түзетуді қамтамасыз ету ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, 2007 жылғы қараша</p> <p>2. Үкіметке ақпарат енгізу ЭБЖМ, 2007 жылғы желтоқсан</p>
43.	<p>Мемхолдингтердің қызметін ақпараттық-имидждік сүйемелдеу, мемхолдингтердің құрамына кіретін компаниялардың қызметі, олардың қызметінің ашықтығы туралы халықтың хабардар болу деңгейін арттыру жөніндегі шаралар кешенін жүргізу Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкіметке ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы шілде</p>	<p>1. "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ қызметін медиялық қамтамасыз ету жоспарын (медиа-жоспар) бекітуді ұйымдастыру ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, 2007 жылғы мамыр</p> <p>2. Корпоративтік баспасөз орталығын құруды ұйымдастыру ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, 2007 жылғы маусым</p> <p>3. Мемхолдингтердің веб-сайттарын пайдалануға енгізуді ұйымдастыру ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, 2007 жылғы маусым</p> <p>4. Үкіметке ақпарат енгізу ЭБЖМ, 2007 жылғы шілде</p>

44.	<p>Мемхолдингтерді қайта құрылымдау жоспарын әзірлеу</p> <p>Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, ИСМ, А Ш М , "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкіметке ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы желтоқсан</p>	<p>1. Әрбір мемхолдингті құрайтын құрылымдардың тиімділігі мен профилирленуіне функционалдық талдау жүргізуді ұйымдастыру</p> <p>ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, 2007 жылғы қыркүйек</p> <p>2. Талдаулардың негізінде мемхолдингтерді қайта құрылымдау жоспарын әзірлеуді қамтамасыз ету</p> <p>ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ, 2007 жылғы қараша</p> <p>3. Үкіметке ақпарат енгізу</p> <p>ЭБЖМ, 2007 жылғы желтоқсан</p>
45.	<p>"Самұрық" холдингі" АҚ-ның күрделі салымдар бағдарламасын әзірлеуі және қабылдауы және инфрақұрылым қызметтерін тарифтік реттеу тетігін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу</p> <p>Жауапты орындаушы - ЭБЖМ, ТМРА, ИСМ, "Самұрық" холдингі" АҚ</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкіметке ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы желтоқсан</p>	<p>1. "Самұрық" холдингі" АҚ-ға кіретін компаниялардың негізгі құралдарын жаңартуға күрделі салымдар бағдарламасын әзірлеу және қабылдау</p> <p>ЭБЖМ, ТМРА, ИСМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, 2007 жылғы қараша</p> <p>2. ТМРА мен ИСМ-ге инфрақұрылым қызметтерін тарифтік реттеу тетігін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу</p> <p>ЭБЖМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, 2007 жылғы қараша</p> <p>3. Үкіметке ақпарат енгізу</p> <p>ЭБЖМ, ТМРА, ИСМ, 2007 жылғы желтоқсан</p>
46.	<p>"Самұрық" холдингі" АҚ электрондық сауда жүйесін енгізу үшін "Қазпочта" АҚ-ның барлық ауылдық бөлімшелерін интернетке қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту</p> <p>Жауапты орындаушы - АБА, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ</p> <p>Аяқтау нысаны - Үкіметке ақпарат</p> <p>Орындау мерзімі - 2007 жылғы тамыз</p>	<p>1. "Қазпочта" АҚ-ның интернет бар барлық ауылдық бөлімшелерінде электрондық сауда жүйесін енгізу жөнінде іс-шаралар әзірлеу</p> <p>АБА, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, 2007 жылғы шілде</p> <p>2. Ауылдық елді мекендерге телефон орнату мен оларды интернетке қосу жоспарларына сәйкес "Қазпочта" АҚ-ның интернет жоқ ауылдық байланыс бөлімшелерінде электрондық сауда жүйесін енгізу жөнінде іс-шаралар әзірлеу</p> <p>АБА, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, 2007 жылғы шілде</p> <p>3. Электрондық сауда жүйесін енгізу үшін "Қазпочта" АҚ-ның барлық ауылдық бөлімшелерін интернетке қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту</p> <p>АБА, ИСМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, 2007 жылғы тамыз</p> <p>4. Үкіметке ақпарат енгізу</p> <p>АБА, 2007 жылғы тамыз</p>

47.	<p>"Мемлекеттік активтерді басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу Жауапты орындаушы - ЭБЖМ Аяқтау нысаны - Заң жобасы Орындау мерзімі - 2008 жылғы желтоқсан</p>	<p>1. Заң жобасын Үкіметке енгізу ЭБЖМ, 2008 жылғы қазан 2. Заң жобасын Парламентке енгізу ЭБЖМ, 2008 жылғы желтоқсан</p>
48.	<p>Қазақстан Республикасының "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" (жаңа редакциясы), "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын қабылдау (ЖҰЖ-ның 91-тармағы) Жауапты орындаушы - Әділетмині Аяқтау нысаны - заңдар Орындау мерзімі - 2007 жылғы желтоқсан</p>	<p>Заңдарды Парламенттің қабылдауы және Президентке қол қоюға жіберу Әділетмині, 2007 жылғы желтоқсан</p>
49.	<p>"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау (ЖҰЖ-ның 92-тармағы) Жауапты орындаушы - Әділетмині Аяқтау нысаны - Заң Орындау мерзімі - 2009 жылғы желтоқсан</p>	<p>1. Заң жобасын Үкіметке енгізу Әділетмині, 2009 жылғы қаңтар 2. Заң жобасын Парламентке енгізу Әділетмині, 2009 жылғы наурыз 3. Заңды Парламенттің қабылдауы және Президентке қол қоюға жіберу Әділетмині, 2009 жылғы желтоқсан</p>
	<p>Жеке меншік институты мен барлық деңгейдегі келісім-шарттық қатынастарды сыйлауды тәрбиелеуге бағытталған құқықтық насихат (ЖҰЖ-ның 93-тармағы)</p>	<p>Үкіметке және Президент Әкімшілігіне жеке меншік институты мен келісім-шарттық қатынастар</p>

